

## Жер учаскесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Костанай облысы Костанай қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 692 қаулысы . Костанай облысының Эділет департаментінде 2020 жылғы 30 сәуірде № 9154 болып тіркелді

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18-бабына, 69 -бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Костанай қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Костанай қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Костанай қаласы әкімдігінің "Костанай-Су" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына "Костанай қаласы В. Чкалов көшесі – № 3 қазандық шекараларындағы Гашек көшесі бойымен диаметрі 400 миллиметр су құбырын реконструкциялау" объектісі бойынша инженерлік желілерді жүргізу мен пайдалану мақсатында В. Чкалов көшесі – № 3 қазандық шекараларындағы Гашек көшесі бойында орналасқан жалпы алаңы 1,3452 гектар жер учаскесіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Костанай қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Костанай қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Костанай қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

К. Ахметов